Нагашбай Шайкенов внес неоценимый вклад в развитие политико-правовой системы Казахстана, конечно, в первую очередь, путем создания новой законодательной базы, разработку нового законодательства. Но, думаю, это стало возможным благодаря его высокой теоретической подготовке. Можно сделать следующее сравнение: в точных науках – высшая математика, здесь же могу сказать – высшее правоведение.

Многолетние теоретические изыскания он сумел воплотить в реальных делах. Его фундаментальный труд «Правовое обеспечение интересов личности», опубликованный в 1990 году в Свердловске, – первооснова его правотворения и языка законов, подготовленных под его руководством.

“Романтиком права” называли Нагашбая Шайкенова. Может, и правы они, но я бы сказала «воспеватель права», «проповедник права», потому что он целенаправленно действовал во имя достижения идеи правового государства и обеспечения прав человека. При этом он был «реалистом права», потому что прагматично оценивал роль и значение права в экономическом и социальном развитии государства и общества.

Хочу этой в связи, уважаемые коллеги, вспомнить слова министра юстиции Н. Шайкенова, произнесенные во время чтения актовой лекции «Право как важнейший институт цивилизации» (1 сентября 1994 года, КазГЮИ): «В нашем недавнем прошлом, да и в сегодняшней реальности бытовало и бытует представление о праве как инструменте в руках государственной власти и ее аппарата. Эта внешняя сторона права наличествует. Но социальное значение права ни в коей мере ею не исчерпывается. Право больше, чем безропотная форма изложения государственной воли или даже общественного согласия. Его социальная ценность не исчерпывается даже защитой высших человеческих ценностей, хотя и это достаточно для воспевания юстиции. Нет, берите принципиально выше – Право само есть важнейший и ярчайший элемент духовности народа, суверенный и автономный институт культуры общества, жизненно существенный компонент общецивилизационного процесса.

Это чисто рассудочный вывод неопровержимо подтверждается всемирной практикой – вы не найдете ни одного общества, которое можно было бы отнести к цивилизованному, где юстиция и юридическая профессия не были бы вознесены на олимпийскую высоту.»

Эти слова, думаю, надо чаще произносить в студенческих аудиториях перед будущими специалистами в сфере юриспруденции.

Надо учить правоведа не только пониманию сущности права, но и умению отстаивать и цивилизованно бороться за право. Его жизнь является примером для тех, кого он учил не только будучи ректором КазГЮИ, но и в бытность на высоких государственных должностях. Нам важно сохранять память о Н.А. Шайкенове как о великой духовности личности, видном государственном деятеле и блестящем ученом. Но не менее ценно – учить, как и он, надлежащей реализации права в своих повседневных юридически оформленных отношениях.

У нас сегодня хорошее правовое поле, создание которого во многом было обусловлено новаторским трудом и делами Нагашбая Амангалеевича. Нам, в первую очередь юристам, надо правильно применять право и соотносить свои действия с правом. В этом я вижу на данном этапе развития нашего общества претворение в жизнь правоведческого наследия Н.А. Шайкенова.

## **Шайкенов Б.А.**

Директор Института повышения квалификации и дополнительного образования  
Казахского национального университета имени Аль-Фараби, к.п.н.

### **«У МЕНЯ ХОЛОДНАЯ ГОЛОВА, НО ГОРЯЧЕЕ СЕРДЦЕ» – Н.А. ШАЙКЕНОВ**

Уважаемые коллеги!

Министерство юстиции, Институт законодательства Республики Казахстан при поддержке Офиса программ ОБСЕ традиционно проводит международную научно-практическую конференцию «Обеспечение верховенства права: новые возможности в свете глобальных изменений», посвященную памяти выдающегося ученого-юриста, реформатора и экс-министра юстиции Казахстана Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), приуроченную к 25-летию Института законодательства Республики Казахстан. От имени семьи хотел бы выразить свою признательность всем участникам традиционной ежегодной конференции, посвященной памяти Нагашбая Амангалеевича Шайкенова. Поскольку движущей силой предыдущих и сегодняшней конференции являются его ученики, соратники, верю, что и сегодня состоится искренний, заинтересованный разговор об обеспечении верховенства права, о тех его мыслях и идеях, которые опережали свое время и актуальны по сегодняшний день. Я же свое выступление озаглавил изречением Нагашбая Шайкенова «У меня холодный ум, но горячее сердце» и хотел бы поделиться с вами некоторыми личными воспоминаниями о нем, его детских и юношеских мечтаниях, о той атмосфере, в которой он рос и становился как личность.

Сегодня, когда цифровые технологии повсеместно встраиваются в жизнедеятельность человека, а ежесекундно меняющаяся геополитическая ситуация становится достоянием каждого человека, духовность и нравственность должны быть подняты на принципиально новый уровень. Как писал еще 10 веков назад великий тюркский мыслитель Абу Наср аль-Фараби: «Знания без воспитания, без нравственного начала способны принести вред, а не пользу». И то, что в этом году было сделано в память о моем брате: установление памятника в Актобе на улице Шайкенова; посадка 9 июня аллеи Шайкенова в Астане; сегодняшние Шайкеновские чтения; появление стихов, написанных его учениками – студентами в память об учителе, о праве; открытие в Алматы Ассоциации учеников Шайкенова, в Актобе - фонда имени Нагашбая, позволяют мне остановиться на некоторых особенностях Нагашбая Амангалеевича, которые были ему присущи, характеризуют его как личность и несколько отличают его от других. Напомню, он родился и жил в условиях тоталитарной советской пропаганды, предания анафеме великих идей прав человека. В стране хронического дефицита продуктов, подавления личности, в том числе её религиозных устремлений. В обществе, где царил твердое убеждение, что хороший человек - это хороший коммунист. Чтобы сохраниться в этих условиях, остаться на всю жизнь приверженцем принципа «право - выше всего», на мой взгляд, необходимы были некие нравственные постулаты, которые могут быть привиты только в семье. Я всегда пребывал в состоянии полного недоумения: почему в нашей семье выросли юристы-профессионалы, столь ревностные служители Фемиды? Люди, поклоняющиеся его величеству Праву? Наши родители: отец Амангали, мама Алтын - оставили нам память о том, как надо жить. Что значит быть отцом своим детям. Гражданином. Мужем. Сыном. Братом. И оставили вечную тягу к знаниям. Отец всегда говорил: «Учите детей, учите их учиться и увидите, все вернется сторицей». С детства у нас осталось неизменное желание доказать, кто ты, чего ты стоишь, что твой род, народ так же велики и заслуживают уважения. Мы свято хранили обычаи своего народа, с детства впитывали заветы отца: «Ты должен учиться и тогда, знающий, будешь полезен своей стране». И Нагашбай выполнил заветы отца. Он стал классически образованным человеком. Вот как писал о нем Имангали Тасмагамбетов: «Природа наделила его пламенным никогда не угасающим темпераментом, неумной тягой к познанию, способностью видеть то, что незаметно многим. Какая-то тайная энергия, необъяснимая сила подпитывала его дух. Нагашбай прежде всего был ученым. Не просто ученым, а ученым от бога. Таким он остался в нашей памяти».

Нагашбай всегда считал, что Семья - это особая «Диалектика души», именно она остается той средой, которая дает человеку все начала, воспитывает его. Неслучайно центральное место в его известных максимах занимает изречение «Местом обитания счастья, если оно возможно, является семья». Позволю процитировать.

«Почему-то после того, как папа ушёл, я в мыслях снова стала обращаться к нему на «ты». Впрочем, это, наверное, естественно и понятно.

Мы были невероятно близки. Сколько я себя помню «папина дочка» было моим вторым именем, да что там, главной идентичностью. Я купалась в этом счастье – быть папиной копией, гордостью, продолжением, всегда чувствовать на себе тепло этой безусловной любви, как от никогда незаходящего светила.

Он бесконечно готов был поддерживать, хвалить и восхищаться, любоваться, мечтать о прекрасном будущем, которое меня конечно же ждёт, узнавать во мне себя. И он бесконечно печалился и тревожился, узнавая в своей маленькой копии и то, что делало его уязвимым, свои слабые места. Он повторял мне, крошечной, что я одарённая, талантливая, необыкновенная. Но вместе с тем не мог скрыть своего отчаяния: мне не хватало так многого, чтобы развить задатки, так мешали пассивность, слабая воля, неспособность к дисциплине. Всё, что когда-то он преодолел, сформировав в себе стержень, опору для этой необыкновенно чувствительной, тонко устроенной души, сложно вылепленного интеллекта.

Он очевидно страдал, гневаясь, что не может создать условия к тому, чтобы обезопасить, выстроить для меня систему, которая бы провела меня правильным путём, которая бы проконтролировала, которая сработала бы в его отсутствие.

Этот ум никогда не позволил бы себе быть убаюканным уверениями, что всё просто так будет хорошо, убедить себя в том, от чего станет спокойнее. Не могу представить, чего ему стоило обрести мир с тем, что он оставлял незавершённым, незащищённым. Из всех моих сил я надеюсь, хочу верить, что он его обрёл. Примирился с тем, что сделал всё, что можно было. Дал всё, что можно было дать, и больше.

Папа, внешней системы не получилось. Не получилось и того стержня, я боюсь. И сбилось многое из того, от чего ты хотел уберечь. И я часто слышу: «если бы папа был жив, всё было бы иначе».

Но ведь ты во мне жив. Это не банальность из надгробной речи, не способ справиться с горем. Во мне не осталось зияющей пустоты. Вся боль только от того, что во мне продолжает жить незаходящее солнце твоей безусловной любви, отчаянная тоска по прекрасному будущему, неутолимая печаль и тревога, страхи, передаваемые из поколения в поколения вместе с этой любовью, потому что не бывает любви без страха за того, кого любишь. Они и ведут, болят, будят, тащат, выходя где-то из груди натянутой струной, вверх, в гору, через тяготы, которых было не избежать, папа, потому что не бывает пути в гору без тягот и опасностей, и не бывает пологого пути к мечте.

Я боюсь разочаровать тебя не меньше, чем когда ты был жив. Когда, взойдя на очередной перевал, я рыдаю от облегчения, счастья и гордости, мы рыдаем вместе, за все те годы, когда ты больше не мог плакать. В минуты отчаяния я беру тебя за руку, в минуты триумфа я беру тебя за руку. Тебя, которому вчера в моей голове исполнилось 69 лет.

Все эти годы мы остаёмся невероятно близки. Я несколько раз тебя разочаровала. Несколько раз оказалось, что я не та чудесная маленькая девочка, которую ты знал. Несколько раз я посмотрела на тебя совсем другими глазами. Несколько раз нам пришлось узнать друг-друга заново. Но в конце концов ты подружился с тем человеком, которым стала к тридцати годам твоя дочь.

Я никогда не перестану повторять, что люблю тебя. И что ты дал всё, что можно было дать, и больше, папа.

Дочь Нагашбая Шайкенова – Дария».

Лучше сказать сложно. Таким его видела семья, ученики и возможно только сегодня мы начали прозревать в своем понимании такого близкого родного человека и в то же время очень далекого в нашем житейском восприятии мира.

Будучи смертельно больным, в феврале 2000 года в больнице Санкт-Петербурга он успел только подписать ученические тетрадки с именами своих детей, братьев и сестры, предполагая оставить нам своё понимание жизни, своего рода духовное наследие. Свой особый Нагашбаевский Завет. Он мог и должен был сказать, как нам жить. Ведь все мы знали, что уже совсем скоро мы останемся одни. Но если в душе у каждого из нас ещё могла теплиться надежда на чудо, надежда на пресловутое авось. Только его беспощадный ум ученого в этом смысле не оставлял никаких иллюзий. Он понимал, что обречен. Вспоминаю, как еще в 1997 году, когда в возрасте пятидесяти двух лет трагически погиб наш брат Жараскан. Обустроивая его последнее пристанище на кладбище Кенсай, я не удержал слез. Нагашбай с трудом сохраняя ровное дыхание, внутренне преодолевая волнение, сказал: «Ты помнишь, как мы мечтали попасть на свою историческую Родину. Держись. Сегодня твой брат покоится на своей земле». И добавил: «Скоро и другой твой брат ляжет рядом». У меня моментально высохли слезы. А он тут же начал давать распоряжения по дальнейшему обустройству могилы Жараскана, где что посадить, как сделать скамейки. Буквально через три года мы привезли его тело из Санкт-Петербурга и похоронили рядом с Жарасом. Он успел многое. За неделю до своей смерти написал статью «Неотложное в правовой реформе». Потом его сын Арман обработал статью и напечатал её в Казахстанской правде. Но написать своим родным ничего не успел. Сегодня каждый из нас хранит у себя тетрадь с белыми чистыми листами как святыню.

Отвечая на вопросы журналистов, Нагашбай отвечал: «Мне часто говорят, что у меня холодная голова, но я отвечаю, что зато есть горячее сердце. И я намерен бороться с коррупцией столько, сколько отпустил мне Бог». Ему часто приходилось балансировать между силой и правом, буквально бороться за реализацию Указов Президента Республики Казахстан «О мерах по повышению эффективности правовой реформы и Государственной правовой программы», за новую расстановку сил и действовать в условиях, когда «правовое поле» Казахстана было структурировано между двумя крайними полюсами. Один был представлен министром юстиции Казахстана Шайкеновым, другой - силовым блоком. Наряду с переводом экономической системы на рыночные отношения, адаптации политической надстройки и государственной власти для нужд демократии и рыночных отношений, было необходимо поменять организацию судебной и всей правоохранительной системы, поскольку они были заточены под распределительную идеологию. Было твердое понимание того, что механизмы саморегулирования не смогут заработать в полную силу до тех пор, пока не будут выстроены надежные правовые институты по модели стран рыночной экономики. Институт законодательства, 25 летний юбилей которого мы с Вами отмечаем, внес свой весомый вклад в решение этих задач. Благодарю за внимание.

## **Ибрагимов Ж.И.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.д.

### **Н.ШӘЙКЕНОВТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ РОЛІ**

Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық дамуының негізін нығайта түсу үшін оның өткен жолын, ерекшеліктерін талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені 27 жылдық құқықтық дамудың алғашқы кезеңдеріндегі саяси-құқықтық дамудың мемлекет іргетасын жетілдіріп бекітудегі заңгерлердің ролі өте зор. Осы орайда бұл мақалада біз егемендіктің алғашқы он жылындағы саяси жүйе мен басқару нысанының жетілдірілуіндегі заңгер-ғалым Н.Шәйкеновтің жетекшілігімен жасалған құқықтық реформалардың тарихи-құқықтық аспектілерін қарастыруға талпыныс жасадық. Тәуелсіздікті қайта жаңғырту кезінде Н.Шәйкенов құқықтық реформалар жүргізуге өте белсенді түрде қатысты. Әсіресе конституциялық реформаларды жүргізуге заңгер-ғалым үлкен үлес қосты. Құқықтанушы, заңгер, ғалым Н.Шәйкеновтің атқарған еңбектерінің маңызын білу үшін сол кезеңдегі саяси-құқықтық процесстерді терең зерделеу қажет деп ойлаймыз. Өйткені Н.Шәйкенов еліміздегі алғашқы конституциялық реформалардың негізгі әзірлеушілердің бірі болды.

1990-шы жылдардың екінші жартысынан бастап қазіргі заманғы Қазақстан саяси жүйесінің негізін қалау үдерісі басталды. 1995 жылғы 6 наурызда еліміздің Конституциялық соты 1994 жылы 7 наурызда өткен парламенттік сайлауды заңсыз деп шешім қабылдады. Нәтижесінде ХІІІ шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес тарқатылды, сөйтіп Қазақстан заң шығарушы орган - Парламентсіз қалды.

1993 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімгершілік басшыларына қосымша өкілеттіліктерді уақытша беру» туралы заңына сәйкес еліміздің дамуы үшін басты жауапкершілік жүгі мемлекет басшысына түсті. 1995 жылы 29 сәуір айында Н.Ә. Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін 2000 жылғы 1 желтоқсанына дейін ұзарту туралы референдумға 91,21% сайлаушылар қатысып, оның 95,46% президент өкілеттілігін ұзартуға қолдау көрсетті. Президент институты жетекші саяси институтқа айналды. Референдумнан кейінгі стратегиялық мәселе Конституция туралы болды.

Жаңа Конституцияны қабылдау үдерісі 30 маусымнан 30 шілде аралығында халықтық талқылаудан өтті. Негізгі заңды талқылауға қоғамның қатысуы өте жоғары деңгейде болды. Соның нәтижесінде жобаға 30 мың түзетулер мен ұсыныстар енгізілді. Конституцияның 55 бабына 1100 түзетулер мен толықтырулар енгізілді [1, 2].

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы референдумда республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Ата заңда жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

Билікті жүзеге асырудың демократиялық принципі: республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатындығының нақты көрсетілуі өте маңызды болды.

Енді Президент институты 1993 жылғы Конституцияда берілгендей биліктің атқарушы тармағына қосақталмай, Қазақстан халқының мемлекеттік бірлігін көрсетіп, оны жүзеге асырады. Конституцияның ІІІ бөлімінің 40-бабына сәйкес Президент - мемлекет басшысы, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтаушы және Қазақстанды ел іші мен халықаралық қатынаста көрсетуші ең жоғары қызмет иесі бола отырып, біріншіден, халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін бейнелейді, оның кепілі болып табылады, екіншіден, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді түрде әрекет етуін, билік органдарының Қазақстан халқы алдында жауапкершілікті сақтауын қамтамасыз етеді [2, 132].

Биліктің Президент қолында шоғырлануы қоғамда қазақстандық саяси жүйеге авторитарлық белгілер тәндігі туралы пікір-таластарды тудырды. Бірақ бұл саяси жағдайдың құбылмалығын ескере отырып, әрі әлеуметтік-экономикалық салада басталған реформаларды жылдам аяқтау қажеттігінен туындаған қадам деп айтуымызға болады.

Конституция «Президент - Парламент» және «Президент-Үкімет» арасындағы өкілеттіліктер қарым-қатынасын айқын көрсетті. Парламент Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы ретінде танылды. Конституцияда өкілді билік құзырына енетін сұрақтар нақты айқындалған. Парламент конституциялық өкілеттілігіне қарай шектеулі түрде ғана халық атынан сөйлей алады. Конституцияның IV бөлімі 61-бабының 3-бөлігінде Парламентке негізгі қоғамдық қатынастарды реттеп, мына салаларды қамтитын негізгі принциптер мен нормаларды бекіту жүктеледі: 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі, азаматтық құқығы мен бостандығы, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігі; 2) меншік режимі және өзге де мүліктік құқық тәртібі; 3) мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және әскери қызметтің әрекеттері мен ұйымдастыру негіздері; 4) салық салу, алымдар және басқа да міндетті төлемдердің түрлерін бекіту; 5) республикалық бюджет; 6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелері; 7) білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру; 8) мекемелерді, олардың құрал-жабдықтарын жекешелендіру; 9) айналадағы ортаны қорғау; 10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы; 11) мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету. Алғаш рет Конституцияға «Парламент» ұғымы енгізілді.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Сенат өкілеттілігі – 6 жыл, Мәжіліс өкілеттілігі – 5 жыл. Осы уақыттан бастап кәсіби парламенттің негізі қалыптаса бастады.

Сенатқа әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы Астанасынан екі өкілден сайланады. Сенатқа 7 депутат қоғамның ұлттық-мәдени және басқа да мүдделерін ескере отырып Президентпен тағайындалады. Мәжіліс 77 депутаттан тұрды.

Президенттік басқарудың жаңа жүйесі жағдайында атқарушы биліктің алатын орны мен жауапкершілігі артты. Енді Үкімет дербес түрде атқарушы билікті жүзеге асырып, өзі атқарушы органдар жүйесінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Жаңа Конституцияда Үкіметтің өкілеттіліктері нақты көрсетілген:

- Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін нығайтудың, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын анықтайды;

- Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

- Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

- Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

- министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

- Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

- Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Партиялық және сайлау жүйелері өзара байланыста дамиды. Сайлау жүйесі партиялық жүйенің сипатына ықпал етеді. Қазақстанның сайлау жүйесі 1993 жылға дейін өзгерген жоқ. Бұл сайлау жүйесі қоғамның сайлау үрдісінің әртүрлі кезеңдерінде қатысуын қамтамасыз ете алды. Бірақ 1990-1992 жж. жағдай сайлау жүйесінің саяси-биліктік жүйедегі жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес еместігін көрсетті. Сондықтан елімізді демократияландыру үрдісінің өзі сайлау заңдарын жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Көппартиялық жүйенің қалыптасуындағы заңнамалық негіздің әрі қарай жаңартылуы, жетілдірілуі 1996 жылы қабылданған «Қоғамдық ұйымдар туралы» және «Саяси партиялар



туралы» заңдардан көрініс тапты. Қазақстан азаматтарының еркін бірігу құқы осы заңдармен қамтамасыз етілді. Бірақ 1995 жылғы Парламент Мәжілісіне сайлаудан кейін партиялар дамуындағы дағдарыс байқалды.

Мемлекеттік-құқықтық құрылыс дамуының негізгі бағыттары Елбасының 1996 жылғы Қазақстан халқына ең алғашқы жолдауында белгіленді: әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесіндегі сәйкессіздіктен арылу; орталықтағы және жергілікті жерлердегі атқарушы органдар жүйесін реформалау, қарапайым, пайдалы, басқаруға икемді әкімгершілік-территориялық құрылыс басқару жүйесін қалыптастыру; елдегі инвестициялық белсенділікті арттыру мақсатында заңдық шарттарын жасау және материалдық өндіріс пен қызмет көрсету салаларын жаңарту; тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласындағы қазақстандық заңнамаларды жетілдіру; құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету, азаматтардың сауаттылық, құқықтық мәдениет деңгейін көтеру [3, 2].

1997 жылдан еліміздегі саяси реформалау тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында барлық мемлекеттік институттар жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталды. 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы қабылданды. 1998 жылғы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында елді демократияландыру және саяси реформалау бағдарламасы ұсынылды. Қазақстандағы саяси реформаның жеті өзегі анықталды:

Біріншіден, қазақстандық демократияның негізін еркін және әділ сайлау құрауы тиіс;

Екіншіден, азаматтар саяси үдерістің толыққанды қатысушыларына айналуы үшін елдің саяси жүйесіндегі партия рөлін күшейту;

Үшіншіден, Қазақстанды демократияландырудың негізгі бағыттарының бірі - парламент рөлін күшейту. Осы мақсатта Республика Президенті уақытынан бұрын қызметінен босатылғанда немесе қызметінен бас тартқан, сонымен бірге қайтыс болған жағдайда өкілеттілік Сенат төрағасына, ал Сенат төрағасы ала алмаған жағдайда, Мәжіліс төрағасына көшеді. Премьер-министр мен үкімет мүшелері парламент алдында жауапты, олардың алдында есеп беріп отырулары тиіс;

Төртіншіден, азаматтық қоғамды орнатуда үкіметтік емес ұйымдар рөлін күшейту;

Бесіншіден, тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыру;

Алтыншыдан, еркін және тәуелсіз БАҚ-ты дамыту;

Жетіншіден, қоғам өміріндегі әйелдер рөлін көтеру. Мінеки, дәл осы кезде әйелдер мәселесі бойынша арнайы комиссия құрылды [4, 3].

1992 жылы 18 тамызды Президент жарлығымен ҚР ҰҚК Шекаралық әскері құрылды. Ұлттық шекаралық әскер КСРО-ның Шекаралық әскерінің Шығыс шекаралық округінің негізінде қалыптасты. Шығыс шекаралық округі кезінде мемлекеттік шекараның кеңестік-қытайлық және кеңестік-ауғандық бөлігін күзеткен.

Осы орайда, ҚР Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсанындағы жарлығы қабылданды. Бұған сәйкес мемлекеттік шекараны күзететін Күш Қарулы күштер құрамынан шығарылып, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі ретінде қайта құрылды. Қазіргі таңда Шекара қызметі еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, қауіпсіздігіміз бен саяси тұрақтылығымызды қамтамасыз ету бағытында қызмет жасауда.

Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет болуы жаңа мемлекеттік басқару саласы - кедендік саланың құрылуына әкелді. Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатының дербес саласы ретінде кедендік саясатты анықтай бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылдың 12 желтоқсанындағы жарлығы бойынша Кедендік комитет құрылды. Кедендік комитет құрылғаннан кейін 1992 жылы 28 ақпанда кедендік органдарды құру туралы жарлығына сәйкес 6 кедендік күзет құрылды (Целиноград, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Шымкент және Хоргос). Осы уақыттан бастап кедендік қызмет негізі қаланды.

Республиканың кедендік қызметінің қалыптасуы күрделі тарихи жағдайларда жүзеге асырылды. Бір жағынан, КСРО-ның ыдырауынан туындаған саяси және экономикалық дағдарыс, екінші жағынан, егеменді, тәуелсіз мемлекеттің құрылуы. 1992 жылға дейін Қазақстанның қорғалатын шекарасы ҚХР болды, онда «Хоргос», «Бахты», «Достық» сияқты бекеттері болды. Көршілес мемлекеттермен кедендік шекараны енгізу Қазақстанда кең тармақталған кедендік ұйымдарды құруды қажетсінді.

1999 жылы 16 шілдеде «ҚР кедендік ісі туралы» заң, 2003 жылы 5 сәуірде Кедендік кодексі қабылданды. Осы уақыттан бастап кедендік органдар қызметі жаңа деңгейге көтеріледі.

Бүгінгі күні кедендік органдар Қазақстан Республикасы әлемдік экономикалық кеңістікке ықпалдасу міндеттеріне қызмет жасауда. Кедендік бақылауды жетілдіру, заманауи ақпараттық технологияларды ендіру, барлық операцияларды автоматтандыру т.б. сияқты іс-шараларға басымдық береді.

1998 жылы 7 қазанда «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №284 ҚР заңы қабылданды. Толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік билік жүйесіндегі жоғарғы өкілетті орган рөлі мен орнын, маңызын бекітті. Конституциялық ережедегі өзгерістер мемлекеттік қызметкерлер үшін жастық цензді жойып, Президенттік лауазымға сайлау мерзімін 7 жылға дейін ұзартты.

Сайлау туралы конституциялық заңға 1999 жылы 6 мамыр айында енгізілген толықтыруларға сәйкес саяси партияларға Парламент Мәжілісінен 10 депутаттық мандат берілді, яғни дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының жеті және одан да көп пайызын алған партиялар арасында орын бөлінеді. Нәтижесінде енгізілген жаңалық - саяси партиялардың партиялық тізім бойынша президенттік және парламенттік сайлауға қатысу мүмкіндігі олардың қызметінің жандануына алып келді. Бар болғаны 8 айдың ішінде 7 саяси партия дүниеге келді.

Конституцияға өзгерістер енгізілуімен қатар кезектен тыс Президент сайлауы жарияланды. 1999 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Президентін бүкілхалықтық сайлау өтті. Бұл сайлау ерекшелігі Президент алғаш баламалық негізде сайланды. Сайлау нәтижесінде Н.Ә. Назарбаев жеңіске жетті, ол 79,78% сайлаушының дауысына ие болды. Оппозициядан сайысқа түскен С.Әбділдин 11,7% ғана дауыс жинады. Президенттік сайлаудың басты нәтижесі қол жеткізген демократиялық өзгерістерді бекіту. Сөйтіп президент институты одан әрі заңдастырылды.

1999 жылдың күзінде конституциялық өзгерістерге сай Орталық Азия аймағында алғаш рет аралас схема бойынша ҚР Парламент Мәжілісіне сайлау өтті. Жаңа өзгерістер саяси талас-тартысты күшейтіп, жаңа түрдегі партияларды дүниеге әкелді. Сайлау додасына 10 партия қатысты.

Парламент Мәжілісіне сайлау нәтижесінде 67 депутат бірмандатты округтерден, 10 депутат партиялық тізім бойынша жалпыұлттық округтен сайланды. Жеңіске жеткен партиялар қатарында «Отан», Азаматтық, Аграрлық және Коммунистік партиялар болды. Парламент Мәжілісі депутаттарының құрамындағы партия мүшелерінің саны дәл осы 1999 жылы сайлаудан кейін өзгерді. Егер 1994 жылғы сайлау нәтижесінде Жоғарғы Кеңесте саяси партия мүшелері - 28,2% құраса, 1995 жылғы Парламент Мәжілісінде - 61,2%, 1999 жылғы Парламент Мәжілісінде - 84,4% құрады.

2000-2001 жылдар аралығында еліміздегі саяси өмірде партиялар аса белсенділік танытпады. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес 20 қазанда 2001 жылы ауыл, село әкімдерін эксперименталды сайлау өтті. Бұл оппозициялық партиялар талаптарының бірі еді. Саяси-партиялық алаңда «Ақ жол», «Қазақстанның демократиялық таңдауы» сияқты жаңа ұйымдар пайда болды.

Саяси партияны мемлекеттік тіркеу талабындағы тағы бір өзгеріс оның құрамында болуға тиіс партия мүшелерінің санына байланысты. Бұрынғы 1996 жылғы «Саяси партиялар туралы» заң бойынша саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның қатарында Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамы атынан өкілдік ететін 3000 мүшесі болса жеткілікті болатын. Енді жаңа заң бойынша саяси партияның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде жеті жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің атынан өкілдік ететін кем дегенде 50 000 партия мүшесі болуы тиіс.

Бұл өзгерістер партиялық алаңнан кейбір партиялардың кетуімен қатар, жаңа ұйымдарды дүниеге әкелді. Жаңа талаптарға сәйкес 12 саяси партия тіркеуден өте алды.

Конституциялық заңның 2004 жылғы жаңа редакциясы бойынша саяси партиялар сайлау блоктарын құруға құқылы. Сайлау блогын заң бойынша кем дегенде екі саяси партия құра алады. Тәуелсіз Қазақстанның 1990 жылдан 2000 жылға дейінгі мемлекеттік-құқықтық дамуына

қатысты деректерді саралай отырып, осы кезеңдегі саяси жүйе мен басқару нысандарына қатысты көптеген түбегейлі өзгерістерді енгізуде Н.Шәйкеновтің идеяларын байқаймыз. Осы қарастырылған кезеңдегі мемлекеттік-саяси жүйенің дамуы егеменді еліміздің құқықтық дамуында көптеген күрделі кезеңдерден өткендігін көрсетеді. Сонымен қатар сол кезеңде Н.Шәйкенов негізін салған мемлекеттік құқықтық реформалардың мемлекеттік бағдарламасының аясында қалыптасқан Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерінің жемістері халықаралық аренадағы бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылудың негізін салып берді.

#### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. Документ, определяющий судьбу страны // Казахстанская правда, 2 августа, 1995.-14с.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. // Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер/Құрастырған Ж. Бәйішев. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. 238-б.
3. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 1996 жыл.-12б.
4. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан, 1998 жыл, қыркүйек.-12б.

**Нурышева Т.С.**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы  
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНА СӘЙКЕС ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Кез келген мемлекетте орын алатын мәселелердің бірі – сол мемлекеттің Конституциясында бекітілген, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуы. Бұл мәселе тереңнен зерделеуді қажет етеді. Сондықтан жеке тұлғаның конституциялық құқықтық мәртебесін ұғымдық тұрғыдан зерделей отырып, олардың заңнамаларда бекітілуімен қатар тәжірибеде іске асырылуы мәселесі өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Оның мағынасы мемлекет пен тұлға арасындағы өзарақатынас адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы негізінде құрылуы қажеттігін білдіреді, әрі қолданыстағы өзге де заңдылықтарды қалыптастыруға негіз болып табылуы қажет. Бұған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағын қарастыруға да болады, онда адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады делінген [1]. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының абсолюттілігі, олардан ешкімнің айыра алмайтындығы және олар әркімге тумысынан тиістілігі, яғни осы конституциялық қағидат индивидтің құқықтары мен бостандықтарына табиғи сипат береді.

Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Осы аталып өткен конституциялық нормаларға сәйкес заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі айқындалады.

Жалпы алғанда тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесі өзге мәртебелерге қарағанда негізгі болып табылады және олармен бірлескен жиынтығы тұлғаның жалпы құқықтық мәртебесін құрайды. Жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесін ашу кезінде тұлғаның дамуы үшін аса маңызды болып табылатын, оның мемлекетпен ерекше байланысын анықтайтын, әр индивидтің толыққанды және еркін дамуы үшін жасалатын шарттарды шешу кезінде мемлекет пен тұлғаның өзара мүддесі мен жауаптылығын білдіретін негізгі құқықтары, бостандықтары және міндеттері қарастырылады.

Р.В. Ениннің пікірі бойынша адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау мемлекеттің ең басты қызметі болып табылады [2, 97 б.]. Бұл пікірді әрі қарай ұштастыру арқылы оны жетілдірсек, себебі мемлекеттің жеке тұлғаға қатысты құқықтары мен міндеттерінің өзіне тән ерекшеліктері мен мазмұнын зерттеуде оларды индивидтің сәйкестелген құқықтары мен бостандықтарынан жеке қарастыруға болмайды.

Н.В. Бутусованың көзқарасынша: «Тұлға түсінігін, оның мемлекетпен өзара қатынасын ашу кезінде қоғамдық ғылым нақты адамның түсетін қоғамдық қатынастарының барлық жиынтығының талдауына сүйенеді. Сонымен қатар «тұлға» түсінігі тарихи және топтық бола тұра, адамның қоғамдық қасиетін нақты көрсете отырып, әр жеке жағдайда өзіне қоғамдық байланыстың көпжақты гаммасын сiңiредi және экономикалық тұғырдың объективтік негізі ретінде бірінші кезекте мемлекеттің әсерімен қалыптасады» [3, 7 б.].

Жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесі түсінігі тек олардың мемлекетпен құқықтық қатынасының мазмұндық және тәжірибелік іске асырылуын талдау арқылы ашылады.

Мемлекет пен тұлғаның құқықтық мәртебесі институты конституциялық құқықпен реттелетін ең басты институт болып табылады. Құқық пен бостандықтың қазіргі уақыттағы концепциясы – бұл құқықтар мен бостандықтардың жалпыға танылған үлгісі әзірлену процесіндегі ұзақ тарихи даму нәтижесі. Өмір сүру құқығы, еркін жүріп-тұру бостандығы, азаматтыққа құқығы, ар-ождан бостандығы, барлығының заң алдында теңдігі – бұл барлығына жалпы құқықтар, оларды қоғамдық құрылысына, саяси режиміне, мемлекеттік құрылыс нысаны мен басқару нысанына қарамастан барлығы бірдей пайдаланады.

Әр адам қайда жүрсе де, қай жерде тұрса да, ол кез келген жерде негізгі табиғи құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Мемлекет тек осы табиғи құқықтар мен бостандықтарды өзінің ішкі заңдылықтарында рәсімдейді. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің «екі жақтылық» сипаты, адамның құқықтық мәртебесі мен азаматтың құқықтық мәртебесі бір-бірінен шектеледі. Егер адам құқығы оған тумысынан берілсе, ал азаматтың құқықтары алынған болып табылады. Тұлға экономикалық аяда адам ретінде, ал саяси аяда азамат ретінде танылады. Азаматтың құқықтық мәртебесіне адамның құқықтары, сонымен қатар мемлекет пен азаматтың арасындағы ерекше өзара қатынасын анықтайтын саяси құқықтар мен бостандықтар, міндеттердің кешені жатады. Біздің мемлекетіміздің заңдылықтары үшін құқықтар мен бостандықтарды бекітудің позитивтік (жағымды) әдістері: Конституция мен өзге де конституциялық құқықтың қайнар көздерінде тұлғаның экономикалық және саяси аяда қандай әрекет жасай алатындығы және олар қандай жеке құқықтарға ие болатындығы анықталады. Онда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ғана емес, сонымен қатар негізгі қағидаттар мен оларды қамтамасыз етудің кепілдіктерін де бекітеді. Олар Қазақстан Республикасындағы тұлғаның құқықтық мәртебесінің ядросын құрайды. Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары және бостандықтарын келесі топтарға бөлуге болады: жеке құқықтар мен бостандықтар, әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтар мен бостандықтар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» деп аталатын 2-бөлімінде жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген (10-39 баптар). Бұл бөлімнің «Адам және азамат» деп аталуына Н. Шайкеновтың қосқан үлесі зор. Оның көзқарасынша адам құқықтары Конституцияда ең маңызды бөлігі ретінде орын алуы қажет [4].

Сөзге тиек етіп отырған мәселелердің өзектілігі тұлғаның әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтары мен бостандықтарын іске асырудағы келесі сұрақтардың ара-жігін ашумен байланысты туындап отыр.

Жалпы алғанда адам мен азамат қоғамның мүшесі ретінде экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Тұлға өзінің экономикалық құқықтары мен бостандықтары арқылы материалдық мүмкіндіктерін іске асырады. Экономикалық құқықтары мен бостандықтарының ішінде Конституцияның 24-бабында бекітілген жеке меншік, кәсіпкерлік қызмет бостандығына құқығы жатады. Әлеуметтік құқықтар мен бостандықтардың бірі де осы бапта «әркімнің еңбек ету бостандығына құқығы және онымен байланысты қауіпсіздік әрі тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін ешқандай кемсітусіз сыйақы алу құқығы, сондай-ақ ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады», деп бекітілген. Әсіресе осы әркімнің ереуіл жасау конституциялық құқығының іске асырылуына қатысты заңнама мен тәжірибеде шешуін табуды қажет ететін сұрақтар туындайды деп ойлаймын. Ол сұрақтарға жауап беру үшін азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарының маңызды бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабын да қарастыру қажет.

Атап өткеніміздей, Қазақстан Республикасының азаматтары саяси құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Олар азаматтардың азаматтық қоғамның саяси жүйесіндегі құқықтық жағдайын анықтайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес, Республика азаматтарының бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін. Аталған құқық азаматтарға қоғам мен мемлекет өмірінің маңызды мәселелері бойынша өз

көзқарастарын, идеяларын ашық және жариялы түрде көрсетуіне мүмкіндік береді. Ол мемлекеттік органдардың тарапынан ресми түрде рұқсат етілу жолымен шешіледі. Конституцияның 32-бабын қолдану 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңымен реттеледі [5]. Осы аталып өткен заңның қолданылу аясында кейбір ұғымдар мен тетіктерді нақтылау мәселесі де орын алады. Себебі заңда бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұғымдары ашылмаған, Конституцияның 32-бабына сәйкес, Республика азаматтарының бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға қатысты құқықтарының ішінде, жоғарыда көрсетілген заңда бейбіт әрі қарусыз жиналу және тосқауылдарға тұру нормалары қамтылмаған. Сондай-ақ, аталған заңның 1-бабында «жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар деп аталатын қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің нысандары ретінде, сонымен қатар қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызуды және пикет қоюды түсіну керек» – деп, ал 2-бабында «Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді» – деп бекітілген. Осыдан келіп, қоғамдық орындарда аштық жариялау және пикет қою дегеніміз не, заң шығарушы орган қаншалықты аталған заңда көрсетілген іс-шаралардың ұғымдарының аражігін аша алады, әсіресе Конституциямыздың 24-бабында бекітілген әркімнің ереуіл жасау құқығын, қарастырылып отырған заңда бекітілген іс-шаралардың ішіне қосып жіберген жоқ па деген сұрақтар туындайды.

Конституциямыздың 24-ші бабында бекітілген әркімнің ереуіл жасау құқығы, сонымен қатар өзге де әлеуметтік мәселелер бойынша мүдделерді қорғау және 32-ші бабына сәйкес Республика азаматтарының бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға қатысты құқықтарының заңнама тұрғысынан ерекше маңыздылығын айқындау барысында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының тыңдаушылығына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясында біліктіліктерін арттырған судьяларға, әркімнің ереуіл жасау құқықтары, сонымен қатар өзге де әлеуметтік, экономикалық мәселелер бойынша мүдделерді қорғау іс жүзінде қалай реттеледі деп сауал қойғанда, мемлекеттік басқару органдарының және сот жүйесінің өкілдері, ереуіл өткізу және/немесе өзге де әлеуметтік мәселелер бойынша мүдделерді қорғау туралы жергілікті атқарушы органға оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда берілетіндігі және өтініштің берілген мерзімі оның жергілікті атқарушы органда тіркелген күнінен бастап есептелетінін, жергілікті атқарушы органы өтінішті қарайтынын және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайтынын айтады. Яғни, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңының тетіктеріне сүйенетінін байқауға болады. Ал аталған заңның әркімнің ереуілге шығу құқығын және өзге де әлеуметтік, экономикалық мәселелер бойынша мүдделерді қорғау нысандарын реттеуге ешқандай қатысы жоқ екендігіне баса назар аудару керек. Жалпы алғанда әркімнің ереуілге шығу тетіктері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде бекітілген, бірақ өзге де әлеуметтік және экономикалық сұрақтармен қатысты өз мүдделерін көрсету және қорғау нысандары айқындалмаған. Жоғарыда талқыланған адам және азаматтың конституциялық құқықтық мәртебесімен байланысты жеке тұлғаның екі жақты мағынасына осы мәселелерді ашқанда мән беру керек. Себебі әлеуметтік және экономикалық мүдделерін қорғауға әркімнің (Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар) құқықтары бар, ал саяси сұрақтар бойынша, оның ішінде Конституцияның 32-бабына сәйкес бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы тек Қазақстан Республикасының азаматтарына берілген.

Салыстырмалы түрде Ресей Федерациясының «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» деп аталатын Федералдық заңын алатын болсақ, ол заңда жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикет түсініктері берілген [6]. Ресей Федерациясында демократиялық институттың маңызды нысаны ретінде жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттерге шығу тетіктерінің толыққанды іске асырылатынын Ресей Федерациясы Конституциялық Сотының 2013 жылғы 14 ақпандағы «По делу о проверке конституционности федерального закона «О внесении изменений в кодекс Российской Федерации «Об административных правонарушениях и Федеральный закон «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» в связи с запросом группы депутатов Государственной думы и жалобой гражданина Э.В. Савенко» [7] және 2014 жылғы 13 мамырдағы N 14-П «по делу о проверке конституционности части 1 статьи 7 Федерального закона «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» в связи с жалобой гражданина А.Н. Якимова» [8] және өзге де Қаулыларынан байқауға болады. Дегенмен, Ресей Федерациясында да демократиялық институтты жүзеге асыруда әркімнің әлеуметтік және экономикалық конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде ереуілден басқа нысандар қарастырылмағанын, ал жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер сияқты іс-шаралар тек Ресей Федерациясының азаматтарына тиесілі болып табылатынын атап өтуге болады.

Жоғарыда қарастырылған сұрақтарды шешу бойынша келесі:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес Республика азаматтарының бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығы бар деп бекітілгендіктен 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңына тосқауылдарға тұру құқығының түсінігін енгізу;

- Жоғарыда аталған заңда «бейбіт жиналыстар», «митингілер», «шерулер», «пикеттер», «демонстрациялар» және «тосқауылдарға тұру» ұғымдарын беру;

- Жеке тұлғаның Конституцияда бекітілген әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету барысында, өздерінің мүдделерін қорғауға және жариялауға негіз болып табылатын, заңмен бекітілген өзге нысандарды және тетіктерді айқындау қажеттігі бойынша ұсыныстар беріледі.

Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары өзінің маңыздылығымен сипаттала отырып, қоғамдық аяның барлық саласын қамтып өтеді. Сондықтан да қарастырылып өткен тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесін жан-жақты қамтамасыз ету мемлекет тарапынан жоғары деңгейдегі жауаптылықты қажет етеді.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (1998 жылғы 7 қазандағы, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпандағы, 2017 жылғы 10 наурыздағы өзгерістер және толықтырулармен) // <https://adilet.zan.kz>

2. Енин Р.В. Обеспечение и охрана прав и свобод человека как важная функция государства // Вестник КазГНУ, Сер.юридич. - 2002. №2

3. Бутусова Н.В. Государственно-правовые отношения между советским государством и личностью. / Воронеж: Издательство Воронежского университета. - 1986.

4. Сулейменов М.К. Казахстан: права человека и гражданина // <http://mysl.kazgazeta.kz/?p=3260> (Август 24, 2014)

5. Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 Заңы // <https://adilet.zan.kz>

6. Федеральный закон Российской Федерации «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» от 19 июня 2004 года № 54-ФЗ // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_48103/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_48103/)

7. Постановление Конституционного Суда Российской Федерации от 14 февраля 2013 г. N 4-П «По делу о проверке конституционности Федерального Закона «О внесении изменений в

кодекс Российской Федерации «Об административных правонарушениях и Федеральный закон «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» в связи с запросом группы депутатов Государственной Думы и жалобой гражданина Э.В. Савенко // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_142234/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_142234/)

8. Постановление Конституционного Суда Российской Федерации от 13 мая 2014 г. N 14-П город Санкт-Петербург «По делу о проверке конституционности части 1 статьи 7 Федерального закона «О собраниях, митингах, демонстрациях, шествиях и пикетированиях» в связи с жалобой гражданина А.Н. Якимова» // <https://rg.ru/2014/05/21/pikety-ks-dok.html>



**МЕСТО И РОЛЬ ОРГАНОВ ЮСТИЦИИ  
В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ:  
ВЗГЛЯД СКВОЗЬ ПРИЗМУ ИСТОРИИ И МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРАКТИКИ**

Многие правовые инициативы Нагашбая Амангалеевича были реализованы и служат народу Казахстана и по сей день. Он принимал активное участие и защищал нововведения в области конституционного права, гражданского права и процесса, уголовного права и процесса. Создал юридический институт при министерстве юстиции. Являясь ректором КазГЮИ, впервые предложил передать судебное исполнение коммерческим структурам.

Однако, на сегодняшний день можно сказать, что его основные инициативы в 3-х важных аспектах не в полной мере были реализованы. Он был активным сторонником реформы всей судебной системы, правоохранительной системы в лице прокуратуры и министерства юстиции в том числе.

Процессуалдық қарым-қатынас, тікелей Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі арқылы реттеледі, яғни жедел-тергеу тобы тергеушілерінің қылмыстық іс бойынша жүргізетін әрекеттерін айтамыз. Сондай-ақ, күрделі және ауқымды қылмыстарды ашу және оларды тиімді тергеу үшін, процессуалды емес қарым-қатынас нысаны да қолданылады, оларға, ведомствалық және ведомствоаралық құқықтық актілерді, сондай-ақ, қарым-қатынастың ұйымдастырушылық нысанына тергеу және жедел-тергеу топтары арасындағы ақпарат алмасу, тергеу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын бірлесіп жоспарлау және жедел іздестіру шаралар нәтижелерімен тергеушіні таныстыру сияқты шараларды жатқызуға

болады. Жалпы, жедел-тергеу топтарының басқа да құқық қорғау органдарымен дұрыс деңгейде қарым-қатынас орнатуы қылмыстық істердің сапалы тергелуіне өз әсерін тигізетіні сөзсіз.

Тығыз қарым-қатынас орнату жедел-тергеу топтарына келесідей ұтымды мүмкіндіктер береді:

- ұйымдастырушылық салада жедел шешімдер қабылдауға;
- жедел бөлім қызметкерлерінің және тергеушілердің күштерін кешенді пайдалануға;
- іздістіру, тергеу және басқа да әрекеттер жүргізуге тиімді жағдайлар туғызуға;
- көп эпизодты көптеген күдіктілері бар қылмыстық істер бойынша тергеу жоспарын сапалы құруға және тағы басқа.

Алайда, қылмыстық заңнама жедел-тергеу тобының басқа да құқық қорғау органдарымен байланысына қатысты мәселені ашпайды, тек, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінде тергеу тобы деген түсінікке жақын келетін түсінік қана бар.

Атап айтқанда, ҚР ҚПК-нің 194 бабының 1-ші бөлігінде, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру ол күрделі немесе үлкен көлемді болған жағдайда тергеушілер және анықтау органының қызметкерлері тобына (тергеу, жедел-тергеу тобына) тапсырылуы мүмкін, бұл туралы шешімді тергеу немесе анықтау бөлімінің немесе анықтау органының бастығы қабылдауға құқылы екендігі көрсетілген [2]. Көрсетілген бап тергеу тобы құрамын жасақтау тәртібін және оның басшыларымен мүшелерінің құзыретін айқындайды. Тергеу және жедел-тергеу топтарының өзара әрекеттестік нысанын тәжірибеде жетілдіру арқылы бір қатар оңтайлы нәтижелерге қол жеткіземіз.

Атап айтқанда, келісілген жоспарларды бірігіп және жан-жақты өңдеу мүмкіндігі болады, тергеудің топтық әдісінің барлық тиімді жақтары жоғары деңгейде қолданыла бастайды, өзара әрекеттесуші қызметкерлердің құрамы реттеледі және қызметкерлердің жауапты көзқарасы қалыптасады.

Жедел тергеу тобы тергеушісінің басқа құқыққорғау органдарымен қарым-қатынасының негізгі құқықтық нысаны болып, ең алдымен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі болып табылады. Тергеуші қызметінің мәні, қылмыстарды тергеуге құзіретті бар тұлғаның процессуалдық тәуелсіз болуымен ашылады. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 60-шы бабының 9-шы тармағына сай, тергеушінің өзі тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысуға, оларды осы кодексте белгіленген тәртіппен осы іске қосып тігу үшін талап етіп алдыруға, анықтау органдарына орындау үшін міндетті іздістіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар беруге және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етуге құқығы бар [2]. Процессуалдық қарым-қатынастың нысаны, тергеу тобындағы тергеуші қызметінен айқын көрініс табады.

Сонымен қатар, аса ауыр және күрделі қылмыстарды тергеу барысында келесідей қарым-қатынас нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- нақты қандай да бір қылмыстарды тергеу үшін жедел тергеу тобы құрылады;

-Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің талаптарына сай, тергеу тобының қызметіне жедел бөлімдерінің қызметкерлері тартылады.

Бұдан басқа, қарым-қатынасты ұйымдастыру нысандарының қатарына, тергеу және жедел тергеу топтарының арасындағы ақпарат алмасуды, тергеу әрекеттерін және жедел іздістіру шараларын бірігіп жоспарлауды жатқызуға болады. Жедел тергеу тобының басқа органдармен сапалы қарым-қатынас орнатуы қылмыстық істі тергеу барысында тиімді нәтижелерге қол жеткізуге бірден бір себеп. Тергеу іс-қимылдары мен жедел-іздістіру іс-шараларын бірігіп (келісіп) жоспарлау үдерісі топ мүшелерінің тиімді іс-әрекеттеріне әсер етеді, олардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, процессуалды құралдар мен жедел-іздістіру шараларының мүмкіндіктерін неғұрлым толық және нәтижелі қолдануға жол ашады.

Сонымен қылмыстардың тез ашылуы жедел-тергеу топтары қызметінің басқа құқық қорғау органымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тергеудің жалпы жоспарын құруға байланысты болмақ.

В.А.Образцов құқық қорғау органдарын қандай да міндеттерді бірігіп шешу мақсатында біріктіру — толығымен заңды құбылыс деп атаса [3], В.Г.Сидоровтың да ғылыми пікірі осы тұжырымға сай келеді [4]. Қандайда бір қылмыстық істі тергеуге арнайы бөлінген жедел қызметкерлер арқылы жүргізілетін қызметтер бойынша, жедел тергеу тобының басқа органдармен қарым-қатынас орнату нысанын көре аламыз. Сондай-ақ, тергеу тобының басшысы арқылы жолданатын сұраныстар және тапсырмалар арқылы да басқа органдармен бір реттік қарым-қатынастар орнатылуы мүмкін. М.М.Шамсутдинов келесідей қарым-қатынастар түрлерін: бір реттік тапсырмалар бойынша орнайтын қарым-қатынас, мерзімді қарым-қатынас және жүйелі қарым-қатынас деп бөліп қарастырады [5].

Ирархиялық дәрежесіне байланысты В. Коновалов тергеу топтары аудандық, қалалық, облыстық және аумақтық деңгейге байланысты өзара қарым-қатынас орнатады деп қарастырса [6], М.М.Шамсутдинов болса тергеу тобының үшфазалық жүйесін қолдайды, яғни, аудандық, республикалық және федеральдық деңгейде өзара қарым-қатынастар орнайды деген [5].

Қылмыстық істі тергеу барысында маңызды лауазымды тұлғалардың бірі прокурор болып табылады. Сондықтан да, прокурормен жедел-тергеу тобының арасындағы өзара қарым-қатынастың алатын орыны ерекше.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің 58 бабына сай, прокурор өз құзыреті шегінде жедел-іздігіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және қылмыстық процестік Кодекске сәйкес өкілеттіліктерді жүзеге асыратын лауазымды адам. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүдесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады [2].

Жедел-тергеу топтарына аса ауыр және күрделі қылмыстық істер тергелетіндіктен қадағалаушы прокурорға да аталған тергеу барысында үлкен міндеттер жүктеледі.

Атап айтқанда, қылмыстық заңнамада прокурордың құзыреті екі құқықтық мағынада қарастырылған, яғни прокурор жедел-іздігіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүргізеді делінген. Осыған байланысты прокурорлық қадағалауды жүргізу барысында бірқатар мәселелер туындауы мүмкін.

Жалпы, жедел-тергеу тобымен тергелген ауқымды, аса ауыр, көп эпизодты қылмыстық істерді зерделеп толыққанды құқықтық баға беру барысы жеке-дара прокурорға оңайға соқпайтыны белгілі. Тәжірибеде туындаған осындай мәселелерді шешудің жолы ретінде жедел-тергеу тобымен тергелетін ауқымды күрделі қылмыстық істерге прокурорлық қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі қажет. Нәтижесінде, тәжірибеде қылмыстық істердің бұдан да әділ және сапалы тергелуіне жол ашылуы мүмкін.

Сондықтан да, қадағалаушы прокурормен жедел тергеу тобының өзара қарым-қатынасын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің 58 бабына «жедел тергеу тобымен тергелетін қылмыстық істерге қадағалау белгілі бір айқындалған прокурорлар тобымен жүргізілуі тиіс» деген редакцияда өзгерістер мен толықтырулар енгізілу қажеттігін көреміз.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы»
2. ([http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar)).
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі (Алматы: Юрист, 2016.- 348 п).
4. В.А. Образцов «Қылмыстық істі тергеу барысындағы тергеу бөлімі бастығының және тергеу тобы басшысы құзіретінің теңдік дәрежелері» (<http://lawlibrary.ru/izdanie13789.html>).
5. В.Г. Сидоров «Тергеу тобының жедел іздігіру қызметін жүзеге асыратын органдармен қарым-қатынасы» (<https://articlekz.com/kk/article/15813>).

6. М.М. Шамсутдинов «Тергеу тобына алдын-ала тергеуді тапсырудың процессуалдық аспектілері». (Басқару Академиясының жас ғалымдар еңбектерінің жинағы Казань 2004 жыл 253-270 парақтар).

7. В. Коновалов «Тергеу және тергеу-жедел тобымен қылмыстарды тергеудегі процессуалдық және криминалистикалық ерекшеліктер». (<https://businessman.ru/newsledstvenno-operativnaya-gruppa-sostav-sotrudniki-deyatelnost.html>).

**Мұқы Ғ.Т.**

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КАПИТАЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

Қазіргі уақытта Қазақстан жаһандық экономикалық процестердің белсенді қатысушысы болып табылып, алдағы уақытта алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдің қатарына енуді көздеп отыр. Осы мақсатта ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Шет елдік инвестицияларды тарту процесі мемлекеттен капиталдың басқа елге қозғалуымен қатар жүріп отыр. Экономиканың ашықтығының оңтайлы тұстарына қарамастан, теріс жақтары бар екендігін ескерген жөн. Егер халықаралық капитал қозғалысын мемлекет реттемейтін болса, оның экономикалық қауіпсіздігіне ұран келуі мүмкін. Ол валюталық жоғалтулар, спекуляция есебінен, ссудалық қарыздардың шектен тыс көптігінен валюта бағамының әлсіреуі, оның артынша төлем балансының нашарлауына әкеліп соғуы мүмкін. Осының барлығы халықаралық капитал қозғалысын регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттарды қабылдаудың қажеттілігін және олардың қадағаланылуын бақылауды негіздейді.

Капиталдың халықаралық қозғалысы халықаралық экономикалық қатынастар формаларының бірі болып табылады және басқа да халықаралық шаруашылық байланыстар формаларының дамуына ықпал етіп отырады [1]. Капиталдың халықаралық қозғалысы – бұл капиталдың шетелге орын ауыстырып, сонда қызмет етуі, оның негізгі мақсаты капиталды ұлғайту болып табылады. Капиталын шет елге салу арқылы, инвестор шетелдік инвестициялар жасайды. Одан басқа, экспорт-импорт операциялары кезінде де, сондай ақ отандық резидент кәсіпорындардың шет елден алатын ссудалық капиталдары, жергілікті компаниялардың шет елдегі немесе шет елдік компаниялардың басқа елдердегі еншілес ұйымдарының арасындағы қаржы аударымдары да капиталдың халықаралық қозғалысына жатады.

Жалпы капиталдың халықаралық қозғалысын екі тұрпатта қарастыруға болады:

- Экспорт, немесе капитал ағымының кетуі;
- Импорт, немесе капитал ағымының құйылуы.

Әр тарап капиталдың халықаралық қозғалысында капитал экспорты немесе импортынан өз пайдасын алуды көздейді [2].

Капиталдың халықаралық қозғалысы ел экономикасының дамуына едәуір ықпал ететіндіктен, оны әдетте мемлекет реттеп отырады. Мұндай реттудің әдістеріне валюталық шектеулер мен валюталық бақылау жатады.

Соңғы жылдары дамыған мемлекеттердің көбісінде Дүниежүзілік Сауда ұйымы (ДСҰ) аясындағы келісімдер, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) қабылдаған Либеризациялау кодексі, Еуропалық энергетикалық хартия арқасында капиталдың халықаралық қозғалысына қойылатын шектеулерді жою және алып тастау шаралары жиі кездесіп отыр.

Бүгінгі күні Қазақстандағы инвестициялық климат бизнес жүргізу үшін қолайлы шарттарымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы БҰҰ елдері арасында алғашқы болып Moody's (2002 жылы), Standard&Poor's және Fitch (2004 ж). халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық санаттағы рейтингтеріне ие болды. Қазақстан AT Kearney халықаралық консалтингтік компаниясының рейтингі бойынша анағұрлым тартымдылығы жоғары 25 инвестициялық мемлекеттер қатарына енген.

Бүгінгі күні Қазақстанда инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті барлық құқықтық база жасалған. Мысалы, 2003 жылы «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін толыққанды регламенттейді. Аталған заң, халықаралық сарапшылардың бағалаулары бойынша өтпелі экономикасы бар елдердің арасындағы инвестиция саласындағы үздіктерінің бірі болып табылады.

Заң тарапынан инвесторлардың құқықтарының толықтай қорғалуы мен жасалған келісімшарттардың тұрақтылығына кепілдік берілген, сондай-ақ инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың жұмыстары өте нақты регламенттелген (капиталдың еркін қозғалысы, капиталдың репатриациясы, табысты пайдалану еркіндігі, жерге жеке меншік құқығы, оның ішінде шетелдік компаниялар үшін де). Сондай-ақ, Заңда Қазақстан экономикасының басым салаларында жүзеге асырылатын инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары анықталған. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары отандық инвесторларға да, сол сияқты шетелдік инвесторларға да тең дәрежеде таралады.

Мәселен, Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторларында жобаларды іске асыру кезінде инвесторларға инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері:

1) инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдық пен оның жинақтауыштарына кеден баждарын салудан босату;

2) мемлекеттік заттай гранттар (мемлекеттік заттай гранттар ретінде жер телімдері, ғимараттар, машиналар мен құрал-жабдықтар берілуі мүмкін);

3) инвестициялық салық преференциялары ұсынылады.

Инвестициялық салық преференциялары преференциялық объектілердің құнын және қайта құру мен жаңғыртуға арналған кейінгі шығыстарды шегеруге жатқызудан құралады. Бұл ретте шығындарды ауыстыру мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейін ұзартылған, бұл инвестициялық салық преференцияларының басымдылығынан пайда табуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның аумағындағы инвестицияларды көтермелеу мен қорғауға бағытталған инвестициялық заңнаманың шараларынан басқа, ел Үкіметі 44 елмен олардың арасында: Сербия, АҚШ, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Германия, Франция, Ресей, Нидерланды, Түркия, Иордания, Катар және т.б., инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екіжақты келісімге, сондай-ақ ЕурАзЭҚ мүше елдер арасында бір көпжақты келісімге қол қойды.

Шетелдік әріптестермен институционалдық негізде өзара іс-қимылдар ерекше мәнге ие, бұл шетелдік инвесторларға жіті назар аудару туралы куәландырады. Оған дәлел, 1998 жылдан бері жұмыс істейтін Шетелдік инвесторлар кеңесі болып табылады, оның отырыстары Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың жеке төрағалығымен жылына 2 рет өткізіледі. Бүгінгі таңда Кеңестің құрамына Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын 21 ірі шет елдік компаниялардың жетекшілері енеді. Тиімді жұмыс істеу үшін құқықтық талаптарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 24 қарашадағы № 1234 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізілген болатын, ол мемлекеттік деңгейде шетелдік инвесторлардың мүдделерін қорғауды ұсынуға және қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұдан басқа, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларының бірі ретінде мемлекеттік қаржылық даму институттары (Ұлттық инновациялық қор, Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру корпорациясы, Қазақстанның Даму Банкі, «Kaznex Invest» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі) арқылы жобаларды қосымша қаржыландыруды атап өткен жөн. Олардың қызметінің негізгі мақсаты – барлық деңгейдегі бизнесті дамыту мен қолдау жүйелерін құру және инвестициялық ресурстарды тиімді басқару арқылы ұлттық экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу болып табылады.

Шет елдік тікелей инвестициялар тартуда «Астана» «халықаралық қаржы орталығы» мекемесінің маңызы зор. Оның қатысушыларына кең спектрлі мүмкіндіктер береді, оның ішінде 2065 жылға дейін салық төлеуден босату, капиталдың еркін қозғалысы, заманға сай құрылым және шет елдік азаматтар үшін арнайы визалық режим.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде капитал қозғалысын қамтамасыз ету де маңызды. Капиталмен трансшекаралық операцияларды либеризациялау келесі артықшылықтарға қол жеткізуген мүмкіндік береді:

- қарызгерлер қарыз алу көздерінің кең шеңберіне қол жеткізе алады, сөйтіп қарыз алу шығындарын төмендетеді;

- кредиторларға өз қаражат салымдарының бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік береді;

- қаржы нарықтарының тереңдігі мен тиімділігі жоғарылайды.

Осылайша, шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жергілікті құқықтық базаның өте жоғарғы деңгейде екендігін белгілеуге болады. Алайда осы саладағы құжаттар, әсіресе салық пен преференциялардың жиі өзгеретіндігі шетелдік инвесторларды сергелденге салады.

Ендігі кезекте капиталдың халықаралық қозғалысын екінші сипатта қарастырайық – инвестициялардың елден шет елдерге кетуі. Бұл мәселені мемлекеттік реттеу өте маңызды. Еліміздегі ұлттық қаржылық регулятор – ҚР Ұлттық Банкі инвестициялар ағымы мен келімінің статистикасын мониторингілеп отырады. Сол мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақстаннан шет елге кеткен тікелей инвестициялардың ең көп көлемі 2010 жылы тіркелген. Ол кезде оның шамасы \$10,4 млрд. теңгеге жетіп, одан кейінгі жылдары жыл сайын төмендеп келген болатын. Мәселен, 2011 ж. - \$8 млрд, 2012 ж. – \$3 млрд.

Сонымен қатар, капитал қозғалысының бағдарлары да өзгеруде. Әдетте оның басты бағыттары Нидерланды және Ұлыбритания мемлекеттеріне келетін (кейбір жылдары Қазақстаннан шығатын тікелей инвестициялардың 75–85%-ын құрайтын).

Оффшорлардың қазақстандық тізімі 2009 жылдан бері екі рет қысқартылды. Алғаш рет 2010 жылдың қыркүйегінде тізімнен Үкімет Қаулысымен Швейцария шығарылып тасталды[3]. 2013 жылдың шілде айында Сингапур алынды. Сол уақыттан бері осы елдерге капитал ағымының кеткендігі тіркелуде.

Швейцария мемлекетіне Қазақстаннан тікелей инвестициялар ағымы 2006 жылдан 2008 жылға дейін жыл сайын 50–100%-ға ұлғайып отырып, 2008 ж. \$333 млн.-ға жетті. Айта кету керек, 2000 жылдардың басында Қазақстан нарығында жұмыс жасайтын көптеген ірі мұнай трейдерлері өз компанияларын Швейцарияда тіркеген болатын. Алайда 2008 жылдың желтоқсан айының соңында Швейцария қазақстандық оффшорлық тізімге енді. Сөйтіп, 2009 ж. 1 қаңтарынан бастап қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар үшін табиғи ресурстарды Швейцария резиденттеріне-сатып алушыларға экспорттау тым тәуекелділігі жоғары болды. Сондықтан көптеген компаниялар Австрия және Нидерланды мемлекеттеріне бет алды, соның нәтижесінде 2009 жылы Швейцарияға Қазақстаннан кеткен тікелей инвестициялар көлемі 10 есе қысқарды.

Жалпы сарапшылардың пайымдауынша, оффшорларға капитал ағымының кетуі ақырындап төмендей бастады. Біздің ойымызша оған себеп – Қазақстандағы салық заңнамасының либерализациясы болуы мүмкін. Корпоративтік табыс салығының 20%-ға дейін, «ҚР заңды тұлғасынан – ҚР заңды тұлғасына» төленетін дивидендтерге салықтың салынбауы, ҚР заңды тұлғасынан – ҚР жеке тұлғасына» төленетін дивидендтерге салық салу ставкасының небәрі 5%-ға төмендетілуі, жеке табыс салығының 10%-ға қысқаруы сияқты салықтық жеңілдіктер осыған ықпал етті.

Алайда оффшорлармен күресті жалғастыра түсу керек, мемлекеттік қаржының да оффшорларға кетуіне жол бермеу қажет. «Панама құжаттарының» жария болғанына, және оның ішінде қазақстандық шенеуніктердің аты-жөндерінің кездесуіне байланысты Үкіметке оффшорлы аймақтарға мемлекеттік қаржылардың кетуін болдырмау мақсатында заңнамалық барьерлер әзірлеу қажет.

Капиталдың сыртқа қашуы Қазақстанның ғана емес, әлемдегі көптеген елдердің бас ауруына айналып отыр. Сондықтан Елбасымыз шетел асып қолды болған миллиардтаған АҚШ долларын құрайтын қаржы-қаражатты Отанымызға қайтаруға барынша көңіл бөлуде. Бұл үшін заңсыз жинақталған мал-мүлікті амнистиялауды жүргізді, мерзімдерін де ұзартты. Мүлік пен ақшаны заңды айналымға қайтару үшін қосымша ынталандырулар қабылданды. Құпиялылық пен сот қудалауынан қорғауға кепілдік беріледі. Президент Үкіметке жария ету жағдайларына тағы бір рет талдау жасауды және қажет болған жағдайда, оған қатысушыларға кепілдікті күшейтуді тапсырып, мүлікті жария етуге қатысу жөнінде әлі де ойланып жүргендердің барлығын осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға шақырды.

ҚР ҰБ деректеріне сәйкес, 2005-2015 жж. аралығында қазақстандықтардың 100 миллиард доллары Қазақстаннан кеткен. Қазақстаннан капитал негізінен Сингапур, Дубай және Гонконгтегі оффшорлық аймақтарға шығарылған. Егер сенімді заң базасы болмаса, келесі он жылда Қазақстаннан тағы осындай капитал кетуі әбден мүмкін.



### **Пайдаланган дереккөздер тізімі**

1. Лоскутов В.А. Основы современной экономической теории. Учебное пособие. – Мурманск: Изд-во МГТУ, 2000. – 359 с.
2. Ермишин П.Г. Международная миграция капитала, и её современные особенности (рус.). Основы экономической теории. [http://www.uamconsult.com/book\\_543.html](http://www.uamconsult.com/book_543.html)
3. Об утверждении Перечня оффшорных зон для целей Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» Приказ и.о. Министра финансов Республики Казахстан от 10 февраля 2010 года № 52. – «Юридическая газета» от 26 марта 2010 года № 42 (1838)

**Дәлуұлы Н.**

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясының магистранты

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ІС-ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ СОТТЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

Қазақстан Тәуелсіздігінің 26 жылдан астам мерзім ішінде өз-өзін демократиялық саяси-құқықтық жүйесі бар, тұрақты экономикасы және халық жағдайының жоғары деңгейлі дамушы мемлекет ретінде қалыптастырды.

Іргелі идеялар нақты жобаларға айналып, «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы, бәсекеге қабілетті Қазақстан, интеллектуалдық ұлт, «мәдени мұра», индустриялық-инновациялық даму ел болашағын айқындады. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ислам Конференциясы Ұйымына Қазақстанның төрағалығымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өлшеусіз еңбегі дәйектелді.

Еліміздің өркендеп дамуымен ұштаса келе, заманымыздың өзгеруіне орай, елімізде тергеу саласындағы заң нормалары көптеген ұшырысқа бел буған, соның ішінде қылмыстық процестік кодексте бірнеше өзгерістер енгізілді. Ең бастысы қазіргі қолданыстағы кодекс адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, іс бойынша тағайындалған қорғаушының құқықтары мен мәртебесін көтеруге, істерді жедел қарауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының қылмыстық күрес жағдайы мемлекеттік билік құрылымдарынан қылмыстың алдын-алу және оларды жасағандығы үшін жазадан құтылмауына құқық қорғау органдарының әсерін күшейтуді талап етеді. Қылмыспен күресті жақсартудың бірден бір жолы – құқық қорғау органдарының үйлестіру қызметін дамыту, сонымен қатар үйлестіру өкілеттігін жүзеге асыруда прокуратураның рөлін көтеру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 83 бабына сәйкес, прокуратура органдары бүкіл заңдардың біркелкі және толық орындалуына, тергеу заңдылығына қадағалау жүргізеді.

Дұрыс ұйымдастырылған алдын-ала тергеу мен анықтау, олардың заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру қылмыстарды дереу және толық ашуға, оның объективті және жан-жақты тергелуіне, ең соңында – соттың заңды, негізді және әділ шешім қабылдануына елеулі кепілдіктерінің бірін береді.

Тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалауда екі негізгі мақсат қалыптасқан:

- қылмыс жасаған кінәлі адамдарды жазаланбай қалмауын қамтамасыз ету;
- бір де бір азамат негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылуына немесе құқықтарының шектелуіне жол берілмеу.

Прокурор қылмыстардың тергелуін реттейтін заң нормаларының бұзылмауын, тергеу кезінде барлық мән-жайлардың жан-жақты, толық және объективті зерттелуі туралы заң талаптарының сақталуын, заңсыз тергеу әдістерін қолданылмауын қадағалауға міндетті. Прокурор заң бұзушылықтарды алдын-алуға, ал заң бұзушылықтар анықталған жағдайда – оларды жоюға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірілуіне, моральдық және материалдық залалдардың өтелуіне, сондай-ақ заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тартуға шаралар қолдануы тиіс.

Әлбетте, прокурордың маңызды міндеті ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету. Олар мына шаралар бойынша жүзеге асырылады:

- қылмыстық ізге түсудің, күдіктілерді ұстаудың, айып тағудың және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын уақытылы тексеру.
- тиісті дәлелдемелерді алу.

Мысалы, заңды немесе заңсыз дәлелдемелердің алынғандығын тексеру. Конституцияның немесе қылмыстық процесстің заңдылық талаптарын бұзумен алынған дәлелдемелер дәлелдеу кезінде алынып тасталуы керек.

Прокурор қылмыстар туралы арыздар бойынша шешімдердің және есепке алу-тіркеу тәртібінің сақталуына тексерістер жүргізу кезінде ұзарту мерзімдерінің заңдылығын тексереді, сондай-ақ азаматтардың өтініштері бойынша процессуалдық шешімдердің созбаландыққа салу деректеріне жол бермеуі керек.

Сонымен қатар, заң талаптарының орындалуын тексеру үшін прокурор алдын-ала тергеу мен анықтау органдарынан қылмыстық істерді, құжаттарды және басқа да мәліметтерді талап етуге және қылмыс жасаған адамдарды анықтауға құқылы. Прокурор қылмыстарды тергеу, бұлтартпау шаралын таңдау, өзгерту немесе бұзу туралы, қылмыстар белгілерін дәрежелее, жеке тергеу амалдарын жүргізу (тінту, алу және т.с.с.) және қылмыс жасаған адамдарға іздеу салу туралы жазбаша нұсқаулар беруге құқылы. Прокурордың бұл нұсқаулары ведомстволық тиістілігіне қарамастан, барлық тергеу мен анықтау органдары үшін міндетті. Прокурор қылмыстардың білікті тергелуі мен ашылуын, шұғыл-тергеу топтарының құрылуын, тергеушілер мен анықтау органдарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге тиісті шаралар қолданады.

Қойылған тапсырмаларды орындау үшін прокурор тиісті аймақтың тікелей жағдайын, қадағалауға алынған органдардың жұмыс нәтижелерін, тергелетін қылмыстық істердің сипаты туралы мәліметтерді, белгілі бір кезеңде тергеудің, анықтаудың қалпын білуі керек, яғни деректер жиынтығы болуы керек. Қазіргі кезде барлық прокуратураларда осы мақсатта тергеу мен анықтауды қадағалауды ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесі қолданылуда.

Статистикалық және басқа да ақпараттарды талдау негізінде прокурор осы немесе өзге де мәселелер бойынша заң бұзушылықтарды жібермеу немесе заң талаптарынан жалтарған кезде уақытылы шаралар қолдану мақсатында өз өкілеттігін қашан және қандай бағытта қолдануын білу керек. Прокурор анықтау органы істі тергеушіге тапсырғанға дейін, қарау, тінту, алу, куәландыру, сезіктіні ұстау және одан жауап алудан, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алудан басқа кездерде, анықтау органымен тиісті сараптамалардың тағайындалғандығын бақылауы керек.

Дегенмен, тергеу органдары өздерінің жұмысы барысында жиі бұзушылықтарға жол беріп отырады.

Мәселен, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, республика бойынша прокурорлармен 2017 жылдың қорытындысы бойынша тергеу органдарына 15 511 нұсқаулар берілсе, 14 369 заңсыз қысқартылған істер прокурорлармен бұзылған, заңсыз сотқа дейінгі іс жүргізу басталған 500 іс қысқартылды, уақытша ұстау абақтысынан 510 адам шығарылды, 33 үй-жайлар мен тінтулер заңсыз деп танылды, прокурорлардан жасырынған 409 қылмыстық істер арнайы есептік базаға тіркелді [1]. Ал соттармен 865 адам ақталып шықты, тергеу сапасындағы анықталған бұзушылықтар бойынша соттармен 2 819 жеке қаулылар шығарылды [1].

Осындай өрескел заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін, прокурорлар тергеу заңдылығына қадағалауды күшейтіп, дер кезінде оларды алдын-алуға, болдырмауға және келешекте қайталанбау мақсатында тиісті шаралар жүйесін қабылдау қажет.

Қылмыстық сотқа дейінгі іс жүргізуші органдардың ең бастапқы міндеттерінің біріне заң үстемдігін қамтамасыз ету, тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады. Тергеуші берілген міндеттеріне орай азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын өздігінен шешетін болғандықтан, заң бұзушылықтарға тосқауыл қоятын қылмыстық-процестік заң екі нақты қызметті айқындаған: сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау.

Еске алсақ, сот бақылау институтының даму тарихы азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау процесімен байланысты. Алғашқы болып, құқық негізін классикасы болып, яғни қамаудағының шағым беру институты тіркелуі және заңсыз қамауда отырған адамды босату, 1679 жылы 26 мамырда қабылданған ағылшындық Хабеас корпус актісі болып саналады. Аталған құжатта жаппай қамауға алуға қарсы адамзат тарихындағы бірінші кепілдіктердің көріністері тапқан [2]. АҚШ-та сот бақылауы 1787 жылы Конституциямен бірге және де 1791 жылы шыққан «Билля құқығымен» бірге дамыған. Сол аралықтан бастап аталмыш толықтырулар қылмыстық-процессуалдық нормаларда да көрініс тапты. АҚШ-та қамауға алу ордері тек қана сотпен беріледі [3].

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес азаматтардың құқықтарын қорғауға бағыт алды. Қазақстанмен 2005 жылы ратификацияланған Халықаралық Пактінің 9 бабына сай және 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Концепциясында көрініс тапқандай, Қазақстанның сот жүйесінің дамуында сотқа дейінгі іс-жүргізуге сот бақылауын күшейту кіргізілді.

Сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау – бұл екі бір-бірімен тығыз байланысатын, бір-бірімен жиі кездесетін мемлекеттік-құқықтық институт, оларсыз азаматтық қоғам тыныш өмір сүре алмайды. Екеуі де заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуде адамның құқықтарын қорғайды. [4] Алайда олар өздерінің әдістерін қолданады. Прокурорлық қадағалаудың негізгі міндеттеріне – заң бұзушылықты анықтау болса, сот міндеттеріне – кінәлілерді жазалау және жәбірленушілердің құқықтарын қалпына келтіру кезінде мемлекет атынан бұзушылықтарға ықпал ету.

Прокуратура мен сот – азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жүйесіндегі екі бәсекелесуші емес, бір-бірін толықтыратын элементтер. Прокурорлық қадағалау ол шешімдерді жедел түрде қабылдауға қамтамасыз етеді, яғни дәлелдемелердің жоғалмауына және тергеу құжаттарының жарияланбауына бағытталған.

Прокурор өзінің қызмет барысында қылмыстылыққа қарсы күресте заңдылықтың қатаң түрде сақталуына қарауы тиіс. Қылмысты тергеу барысында прокурорлық қадағалау алдын-ала тергеудің барлық кезеңінде болуы қажет. Прокурор актілерінің құқықтық позициясы міндетті не болмаса алдын-ала заңдық күші болмайды, олар тек жоғары соттан заңсыз сот қаулыларының күшін жою туралы сұрақ көтереді. Прокуратураның бұл әрекеттері сотқа қадағалау және сот билігіне қол сұғушылық болып табылмайды. Бұл қатынастар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған байланыс формасы, сондықтан прокуратура мен сот арасындағы қатынас құқық қорғау қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған болуы керек, ең бастысы, сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау арасындағы қатынасты жүйелі түрде қамтамасыз ету.

Сол себепті, прокурорлық қадағалау мен сот бақылауын ара қатынасын айқындағанда, қылмысты тергеу барысында екі жақты жүйелік бақылаудың саналы қалыптасуын айтуымыз керек, ең бастысы азамат пен адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау негізінде. Мұндай шешім қылмыстық қудалаудың мүдделі қалыптасуын, сондай-ақ процесс қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталады.

Сот бақылауы қылмыстық-процессуалдық және жедел-іздістіру күштеу кезінде құқықтық норма мен әрекеттің өзіндік жүйесін қалыптастырады. Дәлірек айтсақ, қылмысты тергеу барысында тұлға құқығының жаппай, негізсіз шектеуін болдырмайды. Кең ауқымды сот бақылауы заңсыз шектеуге бөгет күйзелістегі сот өндірісіне айналады.

Сот бақылауы мен сот төрелігін жүргізудің арасындағы айырмашылықтар келесі негіздерден көрінеді: а) сот бақылауында сот кінәлік пен жауаптылық сұрақтарын қарамайды. Қызметінің мазмұны болып тергеу органымен азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеудегі заңдылықтарын тексереді; б) сот бақылауының үрдісі аясында, судья белсенді, ол алдын-ала тергеу сатысындағы шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылайды.

Алдын-ала тергеудің үстінен сот бақылауының шығуы, ең бірінші соттың тәуелсіздігімен және басқа органдарға қатыстылығы жоқтығымен белгіленеді, қылмыстарды тергеу кезінде тұлғаға тұрақты құқықтық кепілдік береді.[5]

Бұрын 1959 жылы шыққан Қазақ КСР-ның ҚПК қылмысты тергеуге ешқандай қатысы жоқ еді [6]. Негізінен, КСР Одағының құлауынан кейін қылмысты тергеуге сот бақылауының кейбір элементтері құрыла бастады.

Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына сот шағымдану институты алғашқы болып 1993 жылы 18 қазандағы Заңмен елімізге енгізілді [7]. Алайда, 17 айдан соң, №2122 санды ҚР Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы Жарлығымен аталған нормалар ҚПК-тен алынып тасталды [8]. Бұған себеп болған кейбір судьялардың өзінің субъективтік көзқарасынан заңсыз босатулар орын алды.

Әрі қарай, әділ сот өндіріс құқығының негізі болып адам құқығы саналды. Сот бақылауы – сот билігін жүзеге асырудың бір формасы. Сол себептен, 1998 жылдың 1 қаңтарынан жаңа Қылмыстық процессуалдық кодексімен сот бақылау институтының нормалары қайта енгізілді.

Өйткені, Конституцияның 13 бабының 2 тармағына сәйкес, әр адам өз құқығы мен бостандығын сотта қорғауға құқылы. Бұл қағида ҚПК-тің 12 бабында да айқындалған.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі жоғары деңгейде көтеру және ол конституциялық құқықтарын қорғау механизмін қамтамасыз ету мақсатында сотқа дейінгі өндірісінде сот бақылауы мен прокурорлық қадағалау шегі кеңейтілді. Қылмыстық процесс қатысушыларына жаңа тұлғалар ретінде тергеу судьясы мен процессуалдық прокурор енгізілді. Бұлар сотқа дейінгі іс жүргізуде конституциялық құқықтар мен бостандықтарын мемлекеттік атынан қорғаудың тиімді механизмі болады.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисі // Ресми сайт: (<http://service.pravstat.kz/>)
2. Акт о лучшем обеспечении свободы подданного и о предупреждении заточений за морями (habeas corpus). Исторические документы//old.memo.ru/prawo/hits/habeas.htm
3. «Билль о правах» <http://www.grinchevskiy.ru/17-18/bill-o-pravah.php>
4. Петрухин И.Л. Предисловие в кн: «Прокурорский надзор и судебная власть»: Уч.пос.-М.: Проспект, 2001 – 88с.
5. Петрухин И.Л. Судебная власть: контроль за расследованием преступлений. – М.: ТК Велби, 2008-с.32,134.
6. Уголовно-процессуальный кодекс Казахской ССР. Утвержден Законом Казахской ССР от 22 июля 1959 года. Утратил силу - Законом РК от 13 декабря 1997 г. № 207 ~z970207/ Ресми сайт: ([http://adilet.zan.kz/rus/docs/k590001000\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/k590001000_))
7. Закон Республики Казахстан от 15 октября 1993 года. «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан». Утратил силу - Законом РК от 8 февраля 2003 г. п 387/ Ресми сайт: (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/u090000858>)
8. Указ Президента Республики Казахстан от 17 марта 1995 г. п 2122 имеющий силу закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан»/ Ресми сайт: (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/u090000858>)

**Рекомендации**  
**участников международной научно-практической конференции**  
**«Обеспечение верховенства права: новые возможности в свете глобальных изменений»,**  
**посвященной памяти выдающегося ученого-юриста,**  
**реформатора и экс-министра юстиции Казахстана Н.А. Шайкенова («Шайкеновские**  
**чтения»), приуроченной к 25-летию**  
**Института законодательства Республики Казахстан**

г. Астана

15 июня 2018 года

Участники конференции, заслушав выступления представителей государственных органов и общественных организаций Казахстана, международных организаций, а также отечественных и зарубежных ученых, представляющих научные, научно-исследовательские институты и ВУЗы,

принимая во внимание актуальность обсужденных на конференции вопросов обеспечения верховенства права, совершенствования национального законодательства и правотворческого процесса с привлечением к нему общественности,

подчеркивая важность обмена научными результатами, исследовательским и практическим опытом в данной области,

**РЕКОМЕНДУЮТ:**

Министерству юстиции, государственным органам, Институту законодательства, а также неправительственному сектору:

**1.** Основными характеристиками верховенства права являются правовая определенность, доступ к правосудию, ясность и точность юридических норм, исполнение закона на практике. В этой связи необходимо обеспечить:

- недопустимость принятия законов, содержащих нечетко сформулированные или допускающие различное толкование положения;
- независимость и беспристрастность судов;
- мониторинг проекта нормативных правовых актов на законодательном уровне.

**2.** Активное участие граждан и их объединений в законотворческом процессе обеспечивает прозрачность для общества процедуры подготовки проектов нормативных правовых актов. Именно поэтому для эффективной реализации прямого участия в правотворческом процессе всех заинтересованных представителей общественности необходимо:

- создать механизмы обратной связи государственных органов – разработчиков проектов нормативных правовых актов с общественными объединениями и иными организациями неправительственного сектора;

- совершенствовать механизмы участия граждан в законотворческом процессе и в разработке концепции законопроектов.

- продолжить работу по правовой пропаганде, обеспечению доступа общественности к правовой информации;

- предоставить возможность участия представителей общественности в обсуждении социально значимых законопроектов посредством различных способов и форм.

**3.** В целях обеспечения качественной систематизации действующего законодательства Республики Казахстан продолжить работу по совершенствованию и актуализации Классификатора отраслей законодательства.

**4.** Отправление международного правосудия в евразийском регионе на основе верховенства права, обеспечивающего легитимность, предсказуемость и недискриминационность в отношениях, укрепит международное сотрудничество и развитие интеграционных связей. Поэтому в целях обеспечения верховенства права целесообразно воспринимать увеличение обращений к Суду ЕАЭС за разъяснением как свидетельство хорошей тенденции налаживания диалога между государствами-членами и органом евразийского правосудия.

**5.** В целях совершенствования законодательства в сфере защиты прав личности и правосудия:

- пересмотреть правовые нормы, определяющие условия и порядок оказания юридической помощи, на предмет обеспечения доступности правосудия и реализации конституционного принципа о праве на квалифицированную юридическую помощь, в том числе малообеспеченных граждан;

- обеспечить реальное действие принципов независимости суда, прозрачности судопроизводства и подотчетности системы правосудия перед обществом.

**6.** В рамках дальнейшего развития уголовного законодательства Казахстана предлагается:

- продолжить работу по дальнейшей имплементации норм международного уголовного права, исполнению международных обязательств по международному гуманитарному праву и устранению пробелов и противоречий в действующем уголовном законодательстве Казахстана.

Кроме того, в случае принятия Всеобъемлющей конвенции о борьбе с международным терроризмом следует скорректировать составы некоторых террористических преступлений, предусмотренных Уголовным кодексом Республики Казахстан;

- расширить виды наказаний, применяемых за злостное уклонение родителей от уплаты алиментов на содержание детей, а также их пределов, что позволит судам более дифференцированно назначать наказание, учитывая личность и характер поведения преступника и другие обстоятельства дела.

**7.** В уголовном процессе Казахстана создана и успешно применяется надежная платформа для легального вовлечения и широкого использования результатов оперативно-розыскной деятельности в процессе доказывания по уголовным делам.

В целях четкого разграничения компетенции между прокуратурой и следственными судьями следует установить, что процессуальный прокурор осуществляет надзор за соблюдением публичного интереса в досудебных стадиях уголовного процесса, а следственный судья обеспечивает соблюдение конституционных прав и законных интересов всех участников досудебного расследования.

**8.** Заинтересованным государственным органам, учебным, научно-экспертным, неправительственным, в том числе правозащитным организациям учесть данные рекомендации и принять в рамках своей компетенции меры по их реализации.

## **ОБЕСПЕЧЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ В СВЕТЕ ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ**

Материалы международной научно-практической конференции  
15 июня 2018 года, посвященной памяти выдающегося ученого-юриста,  
экс-министра юстиции Республики Казахстан Н.А. Шайкенова  
(«Шайкеновские чтения»), приуроченной к 25-летию  
Института законодательства Республики Казахстан

Издается в авторской редакции  
Опубликованные материалы могут не совпадать с точкой зрения редакции.  
Ответственность за достоверность фактов и сведений,  
содержащихся в публикациях, несут авторы.

Подписано в печать 08.08.2018 г. Дата выхода тиража 13.08.2018 г.  
Формат А4      Бумага офсетная 80 г      Печать цифровая  
Усл. печ. л. 63,0      Тираж 80 экз.      Заказ № 26

Сверстано и отпечатано  
в ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан»  
г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8, Дом министерств  
8(7172) 74-02-06  
e-mail: instzak-kz@mail.ru  
<http://www.iz.adilet.gov.kz/ru>